

"Кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылы 31 наурыздағы N 101 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 36 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 1 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4069

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабы 15) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылы 31 наурыздағы N 101 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде N 3547 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы және өзгеде мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 ж. мамыр, 62-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы ережеде:

8-тармақта "5" деген сан "11" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Комиссияның құрамында жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ ғалым-заңгерлер болуы мүмкін";

9-тармағындағы "нотариаттық палатаның келісімі бойынша" деген сөздер алынып тасталынсын.

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр